

# Өткенге шолу

1. Әлемдік әмбебап халықаралық ұйым
2. «Қызыл крест» халықаралық ұйымы қай жылы құрылды?
3. Ұлттар Лигасы қай жылы құрылды, сонымен қатар өмір сүруінің тоқтау себебі?
4. НАТО-ға қарсы құрылған саяси ұйым?
5. ШЫҰ-на қандай елдер кіреді? Осы ұйым арқылы аймақ қауіпсіздігі қаншалықты қорғалуды?
6. Үкіметтік емес ұйымдарға тән белгілер?
7. Үкіметтік емес халықаралық ұйымдар мақсаттарына қарай қалай бөлінеді?
8. Квазиүкіметтік емес ұйымдарға нелер кіреді? Қалай түсінесіз?
9. Еліміздің қай аймақтарында үкіметтік емес ұйымдар көп тіркелген?

**Сабақ тақырыбы:** Елдердің азаматтық-процессуалды құқықтары

**Оқу мақсаты:**

Саяси карталардың көмегімен елдердің азаматтық-процессуалды құқықтарын сипаттау

Зерттеулерді жүргізу барысында проблеманы анықтау, жоспар құру, деректерді жинау, зерттеу нәтижелерін әзірлеу, талдап қорытынды жасау, тиімді шешімдер ұсыну

## **Жетістік критерийі**

### ***Қолдану;***

- Атластан екі аймақтың саяси картасы мен жер бедері карталарын салыстырады.

- 2 елдегі халықтың сауаттылық (білім алу құқығы) пен гендерлік теңдік (әйелдердің теңдік құқығы) карталарын салыстырады

- Әртүрлі 4 елдің геосаяси тұжырымдамаларын талдайды

- АКТ-дан деректерді берілген уақытта таба алады

- Өз идеяларымен бүкіл сыныпқа жеткізе алады.

Елдердің дамуы мен саяси көзқарасы азаматтық-процессуалды құқықтарына әсерін анықтайды


## Терминдер:

- федерация;
- монархия;
- конфедерация;
- саяси режим;
- демократия;
- автократия;
- тоталитаризм;
- гендерлік саясат;
- геноцид;
- диктатура;
- апертеид;
- сайлау құқығы;

**Демократиялық мемлекет** - бүкіл әлемде жаһандану дәуірінде кеңінен таралған мемлекет үлгісі. Мемлекет демократизмі халықтың билікке қатысуынан, биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөлінуінен, саяси алуан түрліліктен, жергілікті өзін-өзі басқаруынан көрініс табады.

**Демократиялық мемлекеттің** негізін халық билігі құрайды. Халықты жоғарғы биліктің басты иесі ретінде мойындау - халық егемендігінің белгісі. Халық егемендігі халықтың ешқандай әлеуметтік күштердің қысымынсыз, өз билігін олардан тәуелсіз, тек өз мүддесі тұрғысынан жүзеге асыратындығын білдіреді. Халық егемендігі бөлінбейді, тек бір ғана субъектісі бар - халық.

**Мемлекеттің құрылымы** – мемлекет нысанының екінші элементі. Бұл ұлттық, мемлекеттік қатынастарды, әкімшілік-территориялық жүйені, олардың ерекшеліктерні бейнелейді.



**Унитарлы** (лат. *unitas* – бірлік) мемлекеттерде әкімшілік-аумақтық бірліктер тікелей орталық үкіметке бағынады, ортақ заң жүзеге асады. Мысалы: Италия, Франция, Қазақстан, Жапония, Ұлыбритания.


**Федерациялы** (лат. *Feoderatio* – одақ, бірелстік) мемлекетте оның құрамына енетін федерация мүшелерінің белгілі бір саяси, экономикалық дербестігі болады. Федерация мүшелерінде биліктің барлық түрлері болады. Мысалы: АҚШ, Ресей, Үндістан, Канада, Бразилия.

**Конфедерациялы** – белгілі бір мақсатқа жету үшін бірнеше ерікті мемлекеттердің уақытша одағы.



Әлемде 172  
мемлекеттің  
әкімшілік  
ұйымдастырылу  
түру - **унитарлы**

Әлемде 22  
мемлекеттің  
әкімшілік ұйымдас-  
тырылу түру -  
**федерациялы**



# Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Әлем елдерінің мемлекеттік басқару формасының қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
2. Елдердің әкімшілік-аумақтық ұйымдастырылуы қандай жағдайларға байланысты қалыптасады?
3. Қандай басқарудағы елдерде адам құқықтары мүмкіндігінше сақталады (*дәлел келтіріңіз*)?
4. Монархиялық басқарудың қай түрінде адам құқықтары жоғары деңгейде сақталады?
5. Монархиялық басқарудағы елдер әлемнің қай континенттерінде кеңінен таралған?




Картада берілген елдерді төменде берілген жоспар бойынша талдау жасай отырып, басқару формасын анықтаңыз:



- Шекара сызықтары;
- Географиялық орналасуы;
- Тарихи қалыптасуы;
- Көршілес елдері;
- Рельеф картасы;



**Саяси режим дегеніміз** - саяси билік арқылы орталықтан басқарылатын қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін, біртұтас организм ретіндегі күрделі құрылым.



**Демократиялық биліктің белгілері:** әр түрлі партия, бірлестік, қозғалыстар Конституция шеңберінен шықпай, еркін бостандықта қызмет атқарады. Сөз бостандығына кепілдік беріледі.

**Антидемократиялық биліктің белгілері;** қоғамда жаппай қуғын-сүргін, заңсыздықтар орын алып, демократиялық құқықтар мен бостандықтар болмайды. Демократиялық партиялардың құрылуына жол берілмейді. Мемлекетте бір ғана идеология үстемдік етеді. Билеушінің билігі шексіз.

**Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы**  
БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы  
10 желтоқсанда қабылданған. Ол **30 баптан** тұрады.


**1 бап.** Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс.

**3 бап.** Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы

**7 бап.** Заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы.


**27 бап.** Әр адам қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден рахат-ләззат алуға, ғылыми прогресске ат салысуға әрі оның игілігін пайдалануға құқылы.

Әлемнің кескін картасына демократиялы және антидемократиялық режимдегі 5 елден белгілеңіз:




Антидемократиялық саяси режимдегі елдер әлемнің қай аймақтарында жоғары (себебін дәлелдеңіз)?

# Әлем елдеріндегі сауаттылық деңгейі



Конго мен Қазақстандағы білім алу деңгейі мен мүмкіндігін анықтап салыстырмалы талдау жасаңыз


*Гендер* (ағыл.«gender» - «род», «тек» деген мағ. білд.) – бұл, биологиялық емес, әлеуметтік жағдайларға тәуелді әлеуметтік жыныс, әйелдер мен еркектер арасындағы айырмашылықтар. *Қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытаған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.*



Статистикаға жүгінсек елімізде барлық педагогтардың 73%-ы, медицина қызметкерлерінің 87%-ы, бюджеттік сала қызметкерлерінің 60%-ын әйелдер құрайды.

**Сұрақ:** Басқару, білім беру, медицина саласында әйел адамдар үлесінің жоғары болуының оң және теріс әсерлер қандай (пікіріңізді дәлелденіз)?

# Әлем елдерінде әйелдердің қорғалуы, 2012 жыл



- |  |   |   |  |
|--|---|---|--|
|  | Ақпарат жоқ   |  | Әйелдері зорлық-зомбылықтан орта деңгейде қорғалынған              |
|  | Әйелдері зорлық-зомбылықтан қорғалынған мемлекеттер                 |  | Әйелдері зорлық-зомбылықтан төмен деңгейде қорғалынған мемлекеттер |
|  | Әйелдері зорлық-зомбылықтан жоғары деңгейде қорғалынған мемлекеттер |  | Әйелдері зорлық-зомбылықтан қорғалынбаған мемлекеттер              |

Әлем елдерінде сауаттылық пен гендерлік карталарын салыстыра отырып төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Сауаттылықтың жоғары болуы гендерлік саясатқа мүмкіндік бере ме?

- Сауаттылық жоғары болып, бірақ әйел теңсіздігі орын алып отырған елдер бар ма?

- Әйелдер теңдігі экономикалық дамуы бойынша қай елдерде жоғары?

- Гендерлік саясаттың жүргізілуіне діни ұстанымдардың ықпалы қаншалықты?

- Қазақстандағы сауаттылық пен гендерлік саясаттың жүргізілуіне талдау жасаңыз.



**Кестеде көрсетілген елдердің саяси тұжырымдаламаларын талдаңыз (*әйелдер теңдігі қандай деңгейде немесе қаншалықты қорғалады?*):**

№	Ел	Басқару түрі	Ұйымдас-тырылуы	Демо-кратия түрі	Сауат-тылық деңгейі	Гендер-лік саясат
1	Ресей					
2	АҚШ					
3	Қытай					
4	Иран					

# Суретке қарап саяси режим түрін анықтаңыз



# Аталған суретке қарап қандай термин қолданатындығын анықта



**геноцид**



**апартеид**



**тоталитаризм**



**конфедерация**

# Тапсырма

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы ұстанған саяси режимдері мен құқықтық қорғалулары қандай деңгейде. Жұптық жауап жазыңыз.

- Республикамызда алғаш рет заңға қол қою рәсімін жариялы түрде жүргізе отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «аталған шара мемлекетіміз үшін, Қазақстанның әрбір азаматы үшін құжаттың орасан зор маңызы бар екендігімен байланысты. Бұл халыққа заңның мәнін жақсырақ жеткізуге мүмкіндік береді» - деп атап көрсеткен еді. Қолданыстағы азаматтық істер жүргізу кодексі 1999 жылы қабылданғанын ескере отырып, қоғамда болып жатқан алға басушылықты басшылыққа алып, жаңа Заң қабылдау қажеттілігі өзекті мәселе ретінде бағаланды. Жаңартылған Азаматтық процессуалдық кодекс бірінші кезекте **«бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» Ұлт Жоспарында көрсетілген шараларды жүзеге асыруда қолданылады және қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуы тиіс. Қабылданған жаңа Заңның мақсаты - Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының Ата Заңымызда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын, аталған тұлғалардың заңды мүдделерін сот органдарында тиімді қорғау, азаматтық даулардың жедел қаралуын және шешудің процессуалдық тиімділігін арттыру, сот қаулыларының жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Жаңа заңда қазіргі заманғы негізгі құқықтық институттар сақталды және оған халықаралық стандарттарға негізделген қазақстандық сот тәжірибесін үздік әлемдік жетістіктерге бастайтын өзгерістер, жаңалықтар енгізілді. Заңды әзірлеген мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты. Азаматтық процессуалдық кодексті дайындау және қабылдау жоғары қоғамдық белсенділік танытылған жағдайда, ашық және жариялы түрде жүргізілді. Барлық құқықтар қорғалған. [inform.kz](http://www.inform.kz) белсенді сілтемені пайдаланыңыз [http://www.inform.kz/kz/azamattyk-processualdyk-kodeks-uakyt-tal-abymen-undesken-kuzhat\\_a2842950](http://www.inform.kz/kz/azamattyk-processualdyk-kodeks-uakyt-tal-abymen-undesken-kuzhat_a2842950)**

## Сұрақтарға жауап беріңіз

Қазіргі кездегі әлемдік дамуда мемлекетті басқару режимінің қайсы түрі өз жемісін беруде?

Әлем елдерінің құқықтық қорғалуын жоғарылату үшін қандай ұсыныстар айта аласыздар?

# Үйге тапсырма:

1. Қазіргі кезде демографиялық дамудың жолына түсіп, өзге елдерге үлгі болып отырған мемлекеттерді анықтаңыз;
2. Қазақстанның демографиялық даму жолын көршілес елдерімен салыстыра отырып, талдау кестесін жасаңыз.

*БАҒАЛАУ*

*КЕРІ БАЙЛАНЫС*